



Автор: Алибекова Тарбия Кантургановна

Пән: Қазақстан тарихы

Сынып: 9-сынып

Бөлім: Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында

Тақырып: Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында

Сабаққа негізделген оқу мақсаты	Қазақстандық Кеңес Одағы батырларының ерліктерімен танысады, шайқастардың тарихи маңызы туралы мағлұмат алады.
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар: Мәскеу, Ленинград, Сталинград шайқастарына қатысқан қазақстандық батырлардың ерлігін айтады. Оқушылардың басым бөлігі: Мәскеу, Ленинград, Сталинград шайқастарының тарихи маңызын түсіндіреді. Кейбір оқушылар: Мәскеу, Ленинград, Сталинград шайқастарына салыстырмалы талдау жасайды.
Бағалау критерийлері	1. Негізгі шайқас ошақтарын картадан тауып, белгілейді. 2. Шайқастың тарихи маңызын, оған қатысқан дивизиялар мен батырларды анықтайды.
Тілдік мақсаттар	Тыңдалым – бейнематериалдан алған әсерлері нәтижесінде орындалатын тапсырма. Оқылым – мәтін және тарихи деректермен талдау жұмысы. Жазылым – тапсырмаларды орындау кезіндегі жазба жұмыстар. Айтылым – топтық және жұптық талқылаулар арқылы диалогке қатысу, сұрақтарға жауап беру. Диалогке қатысты сөз тіркестері: – Біз өз ойымызды... деп бекітеміз. – Екі шайқастың ұқсастығы мен айырмашылығы...
Құндылықтарға баулу	Бағдарламаға кіріктірілген «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының 6 құндылығы: тарихымызды қастерлеу, ата-бабамызды рухына тағзым ету. Отанды қорғау үшін күрескен батырлардың ерлігіне, батырлығына құрметпен қарау, Отанын қорғау, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.
Пәнаралық байланыс	География (бетбұрыс шайқас өткен аймақтарды картадан табады, стикермен белгілейді). Әдебиет (Ұлы отан соғысы туралы жазушылар еңбектерімен (Б.Момышұлы еңбегімен) қосымша танысады). Бейнелеу (кесте, сызба, Венн диаграммасын постерге түсіреді). Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері (жыл мезгілдеріне қарай киіну, сыныптағы ережелерді сақтау). АКТ-мен байланыс. Интерактивті тақта, бейнебаян, слайд пайдалану уақытын шектеу (15 минуттан аспау).
Көрнекілік құралдары	Слайд, bilimland.kz сайтынан бейнебаяндар, кітап көрмесі, бағдарлам жобасы; жасыл, қызыл, көк жетондар.
Дереккөздер	https://bilimland.kz , https://itest.kz
Алдыңғы оқу	Қазақстанның 20-30 жылдардағы мәдениеті

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы (12 минут)	Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру. Мақсат: Ойларын жинақтатып, көтеріңкі көңіл күй сыйлау. «Мен елімді сүйемін» тренингін ұйымдастырамын. Егер сіздің досыңыз болса, көршіңіздің басын сипаңыз. Егер сіздің үйіңізде гүл болса, өз басыңызды сипаңыз. Егер сіз, иттерді жақсы көрсеңіз көршіңізді құшақтаңыз. Егер сіз құстарды жақсы көрсеңіз, қолыңызды созып, құстарша қанат қағыңыз. Егер сіз өз мектебіңізді жақсы көрсеңіз, аяғыңызды жерге ұрыңыз. Егер сіздер Отанымызды жақсы көрсеңіздер, алақандарыңызды соғыңыздар! Рахмет. Топтастыру. «Адасқан әріптер» ойыны. Топтар атауын табады. 1. ЯЛИӘ 2. КҮШНӘМ 3. ЗАУИХ Оқушының көңіл күй рефлексиясы: «Басбармақ» әдісі Үй жұмысын тексеру. «Қазақстанның 20-30 жылдардағы мәдениеті» https://itest.kz/kz/exam_test?test_id=893131031 https://itest.kz/kz/exam_test?test_id=848627957 https://itest.kz/kz/exam_test?test_id=542611438# Дұрыс жауабын тапқан оқушыға топ басшысы смайликтер сыйлайды. Ой-қозғау: 4 сурет, 1 тақырып  Ой-қозғау: («Туған ел» бағдарламасы: «Туристік бағыттар») Интербелсенді тақтада (PowerPoint) таныстырылым слайдта ауданымыздағы Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арналған ескерткіштердің суреттерін көрсету арқылы ой қозғаушы сұрақтармен сабақтың тақырыбын ашып аламын. Оқушылардың пікірін қолдай отырып: – Иә дұрыс айтасыңдар, ауданымыздың әр ауылында Ұлы Отан соғыс ардагерлеріне арналған ескерткіш бар. Олардың есімімен көшелер және мектептер аталған.	Ашық алаң Үлестірме парақшалар Топ атаулары Интерактивті тақта https://itest.kz/kz/lekciya_vi_tarau_qazaqstannyng_madenieti_1920_1945_zh_bilim_zhane_hylym Суреттер презентациясы
-------------------------------------	---	---

Сабақтың ортасы (20 минут)	Бейнебаянмен жұмыс bilimland.kz сайтынан алынған «Барбаросса» жоспарының суреті Соғыстағы түбегейлі бетбұрыс Бейнематериалды оқушыларға тыңдатып, «Еркін микрофон» әдісімен пікірлесу. Топтық жұмыс. Оқулық мәтінімен және қосымша мәліметтермен танысады. № 3525. КСРО-ның Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысуы. «Ойлан, жұптас, бірік» әдісімен топта бірігіп, берілген тақырыптарға постер дайындап, қорғайды. 1) 30 қыргүйек 1941 жыл – 20 сәуір 1942 жыл Мәскеу шайқасы. 2) 10 шілде 1941 жыл – 9 тамыз 1944 жыл Ленинград қоршауға алынды. 3) 17 шілде 1942 жыл – 2 ақпан 1943 жыл Сталинград шайқасы. Семантикалық карта. СұрақтарМәскеу шайқасыЛенинград шайқасыСталинград шайқасыБерлин шайқасыТөлеген Тоқтаров+ Нүркен Әбдіров + Сағадат Нұрмағамбетов +73-гвардиялық дивизия + «Тайфун» операциясы+ Сұлтан Баймағамбетов + 1945 ж. 16 сәуір – 8 мамыр +Қойгелді Аухадиев + 1941 ж. 30 қыргүйек – 5 желтоқсан+ Дұрыс жауабын тапқан оқушыға топ басшысы смайликтер сыйлайды.	Интерактивті тақта https://bilimland.kz/kk/courses/dunie-zhuzilik-tarixy/osy-zaman/lesson/ksro-nyng-ekinshi-duniezhuizilik-sohysqa-qatysuy Микрофон A4 мәтін Филипчарт Суреттер Маркерлер Интерактивті тақта
---------------------------------------	--	--

Сабақтың ортасы (6 минут)	Сергіту сәті. Топпен бірге. Поэзия минуты Жамбыл Жабаев “Ленинградтық өренім” Поэзия минуты  Ленинградтықтардың рухын көтеріп, әнұранға айналған Жамбылдың жыры «Ленинградтық өренім» Ленинградтық өренім, Мақтанышым сен едің. Нева өзенін сүйкімді, Бұлағымдай көремін. Көпіріне қарасам, Көмкерген су көремін. Өркеш-өркеш жарасқан Шоқылардай дер едім. Сапырылған көк теңіз, Шомылдырған кемерін! Шамы күндей жайнаған Аспанға үйлер бойлаған... Арқа тұтып алыста Айбыным деп ойлағам! Ой қорыту: Оқушыларға тест сұрақтарын беріп, білімдерін байқау. Дұрыс жауабын тапқан оқушыға топтың басшысы смайликтер сыйлайды.	5db421fe05095.jpg Image not found or type unknown https://itest.kz/kz/exam_test?test_id=676748793#https://itest.kz/kz/exam_test?test_id=655034374 5db4220623f1e.jpg Image not found or type unknown https://bilimland.kz/kk/courses/dunie-zhuzi-tarixy/osy-zaman/lesson/ksro-nyng-ekinshi-duniezhuilik-sohysqa-qatysuy
Үй тапсырмасы (1 минут)	Үй тапсырмасы: Өз облысымыздағы, қаламыздағы, ауданымыздағы соғыс ардагерлері жайлы қосымша деректер жинау.	Күнделік Қаламсап

Сабақтың соңы (1 минут)	Кері байланыс. «Білім қоржыны». Оқушылар сабақта жинаған смайликтер санына байланысты өздерін бағалайды. Өздерін бағалау үшін смайликтерін «Білім қоржынының» таңдаған бөлігіне жапсырады. Критерийлер Дескрипторлар Балл Баға Қазақстандық Кеңес Одағы батырларының ерліктерінің ерекшелігін ажыратады. Шайқастар тарихи маңызын, қатысқан дивизиялар мен батырларды анықтайды. Мәскеу, Ленинград, Сталинград шайқастарына қатысқан қазақстандық батырлардың ерлігін ерекшелеп айтады. 5 3 Мәскеу, Ленинград, Сталинград шайқастарының тарихи маңызын түсіндіреді. 5-10 4 Мәскеу, Ленинград, Сталинград шайқастарына салыстырмалы талдау жасайды. 10-15 5 	Интерактивті тақта Слайд Стикерлер
------------------------------------	--	---